Түркістан облысы білім басқармасының № 19 колледж МКҚК Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Шаян ауылы **09.10.2026 жыл**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз.
Қазақстан Республикасының „Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5- тармағына және „Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығы;
Түркістан облысы білім басқармасының «№ 19 колледж» МКҚК басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 2026 жылғы 10 тамыздағы № 72 н-қ бұйрығы.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі.
Түркістан облысы білім басқармасының «№ 19 колледж» МКҚК (бұдан әрі Кәсіпорын) мен оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген жұмыс тобы.
Кәсіпорын басшысының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 72 н-қ бұйрығымен құрылған құрамында: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Донбаев, кадр бөлімінің меңгерушісі Н.Жуматаев, бас есепші Е.Еркебайұлы, кәсіподақ комитетінің төрағасы Г.Сыздыкова, бөлімше меңгерушісі Б.Әуелбеков енгізілген жұмысшы топ.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі.
2026 жыл 17 тамызы мен 2026 жылдың 28 қыркүйек аралығы.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамту мерзімі.
2025 жылдан 2026 жылғы 28 қыркүйек аралығы.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары.
1) Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СИПАТТАМА БӨЛІГІ

1.Кәсіпорын қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Кәсіпорынның қызметін қозғайтын қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындау бойынша құқықтық сараптама жұмыстары жүргізілді.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдарына орналасу «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 Бұйрығы негізінде, бос жұмыс орындарын жариялау Электрондық биржа порталы (әлеуметтік желілер) арқылы жарияланып, мансап орталықтарының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.
2025-2026 оқу жылында колледжде штат бойынша -128, қызметкерлер саны -108. Бос орын -2. 2025 жылғы 05 қаңтарынан бастап жеке құрам бойынша -128, іссапар бойынша -89 және негізгі қызмет бойынша 138 бұйрық шығарылған.

2026 жылғы 9 ай бойынша жеке құрам бойынша -104, іссапар бойынша -56 және негізгі қызмет бойынша 97 бұйрық шығарылған.2025 жыл және 2026 жылғы маусым айлары аралығындаб қызметкер ішкі ауыс-түйіс бойынша қызметтерден ауысқан, 2025 жылы зейнеткерлік жасқа толатын қызметкерлерсаны -1, 8қызметкер жұмыстан шыққан, 1 қызметкермен еңбек шарты 1 жылға ұзартылған. Жұмысқа -7 қызметкер қабылданған. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес келеді, құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқық бұзушылықтар анықталмады.

Мемлекеттік сатып алу бойынша.

Жеке және заңды тұлғалармен қолданыстағы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптары аясында Мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жүзеге асырылып келеді.

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалған.

- 2025 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 4970891 бағдарламасы бойынша 98822,00 мың теңге, бөлінген және жыл есебі бойынша 100% қаржы толық игерілген.

Инвентаризациялық тізімдер бойынша:

Мекеме ішінде 2025 жылғы 30 қыркүйек № 95 н-қ бұйрық негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға өз уақытында түгендеу жұмыстары жүргізілген және есептен шығарылған мүліктер жоқ.

Жұмыс уақыты парағы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілген.

Түркістан облысы білім басқармасының мемлекеттік сатып алуды конкурсының қорытындысы бойынша 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 1 хаттамасының негізінде тауарларды жеткізу туралы келісім шарт жасалды. 1 адамға шаққандағы тамақтану нормасы күніне 1035 теңге 87 тиын құрайды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда практикада жүрген студенттерге тамақтану қаражаты банк картасына төленіп отырады.

Студенттерге шәкіртақы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына сәйкес, аралық емтихан сессиясының нәтижелері бойынша «өте жақсы» - 50110 теңге «жақсы»- 43574 теңге төленеді. Жетімдерге - 56646 теңге шәкіртақы төленеді. Шәкіртақы бұйрыққа және сабаққа қатысу табеліне сәйкес, жеке банк картасына ақша аудару жолымен төленеді.

Колледжде 2025-2026 оқу жылының басында 1студент жетім анықталды. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына сәйкес, 2025 жылдың ақпан айында киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету үшін әр студент басына – 213570 теңгеден қаражат бөлінген және әлеуметтік педагогтың қатысуымен АКТ түзіліп, кеткен қаражаттың есебі нақты көрсетілген.

Жемқорлықтың алдын-алу мақсатында оқу жылында «Таза сессия» акциясы өткізіліп, анонимді сауалнама алынған. Нәтижесінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің фактілері байқалмады.

Мекеменің веб-сайты: https://kolledzh19kz/

Әлеуметтік желідегі парақшасы: **https://www.facebook.com/share/1CDy3bNUeT/**

Эл. почта: profshkola19@mail.ru

Жұмысшы тобының қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоқ екендігі анықталды.

Қорытынды:

Түркістан облысы білім басқармасы № 19 колледж МКҚК

1. Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы моралдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеп отыру сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамына жүктелсін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар ары қарай жандандырылсын.

Жұмысшы топтың жетекшісі: **А.Донбаев**

Жұмысшы топ мүшелері:

Кадр бөлімінің меңгерушісі: Н.Жуматаев

Бас есепші: Е.Еркебайұлы

Кәсіподақ комитетінің төрағасы: Г.Сыздыкова

Бөлімше меңгерушісі: Б.Әуелбеков